

Д. Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектеп бойынша тәрбие жұмысы есебі 2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылында тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;

Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;

Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Ар-ұят құндылығы:

Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
Адал еңбекті құрметтеу;
Сөзіне берік, ісіне адал болу;
Халқына адал қызмет ету
Әдеп нормаларын ұстану;
Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Талап құндылығы:

Сыни және креативті ойлау;
Жеке және командамен жұмыс істей білу;
Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
Физикалық белсенді болу;
Салауатты өмір салтын ұстану;
Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

1 қыркүйек күні мектебімізде алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді. Салтанатты жиын барысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы енгізіліп, Гимні орындалды. Жиында мектеп директоры Қазыбаев Талғат Талдыбайұлы барша жиынға қатысушыларды құттықтап, еліміздің білім саласындағы жаңалықтармен өзгерістерге тоқталып өтті. Жиын «Мектебім- мейірім мекенім !» атты тәрбие сабақтарымен жалғасын тапты. 2023-2024 оқу жылы бойынша 1 сыныпқа 100 бала қабылданды. Ата-аналарды, оқушыларды сынып жетекшілер мектеппен таныстырып, мектеп ережелері туралы ақпарат берді. Оқушыларының бейімделу деңгейлерін бағалау және психологиялық қолдау мақсатында сырттай бақылау жұмыстары басталып, алдағы уақытта жүргізілетін психологиялық әдістемелер тізбегі жасалды.



https://www.instagram.com/p/Cwpg_G5x5s9/?igsh=MXF4a2g2d2J2a3VuMw

<https://www.instagram.com/reel/Ctqjif8opuE/?igsh=bGwyaXVqYWx0dGlx>

25 қазан Республика күніне мектебімізде “Менің Отаным Қазақстан” тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Республика күніне орай мектебімізде челлендж жүргізілді сағат 12:00 де Әнұран орандалды.



<https://www.instagram.com/p/CyyLJOboMjZ/?igsh=aGZpYmVmMXUyMHLw>

<https://www.instagram.com/p/Cyu2g63oCzH/?igsh=aDImZmxrenh2aDA3>

<https://www.instagram.com/p/CyxnVe9l4CB/?igsh=MTU5dnp0d3ZxdG93YQ>

«Қазақстандық - жас патриоттар академиясының» мүшесі «Д.Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің жас патриоты Сақтаева Аружан «Қазақстандық - жас патриоттар академиясының» кезекті байқауына қатысты. Бурабай қаласында өткен республикалық байқаудың жеңімпаздарын Астана қаласында Оқу -ағарту министрі Ғ.Бейсембаев қабылдады. Мектеп абырын

асқақтатқан 9 “Б” сынып оқушысы, жас патриот Сақтаева Аружанға алғыс айтамыз. Сынып жетекшісі -М.Б. Нүсүпбек. Жоба жетекшісі -Жансарова Жұпар



Креативті ұстаз, заманауи ата-ана, болашағы жарқын білім алушы тақырыбында «Д.Бабаев атындағы №115 ЖББМ КММ»-нің 5-сыныптар арасында тренинг болып өтті. Мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына, тұлға болып қалыптасуына, ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орната алады. Көпеева Гүлнара Аманкелдіқызы «Үштік одақ» құрылымы, құқықтары мен міндеттері туралы, қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалаудың түрлерін таныстырып өтті. «5 қадам» әдісі, Қағаздан әртүрлі пішін жасау тренингтері жүргізілді. Білім алушыларға «Мектеп өмірі» тақырыбында сурет салу тапсырмалары беріліп, ата-аналар тарапынан жұмыстарды тексеру, бағалау жүзеге асырылды. Ата-ана, білім алушы, мұғалім яғни үштік одақ болған болған жағдайда алынбайтын қамалдың болмайтынына көздері жетті. Тренинг жоғары деңгейде өткізіліп, қызу талқыланып, пікірлерін айтылып, ата-аналар жақсы әсерде болып, сезімдерін жасыра алмай, мектеп ұжымына алғыстарын жаудырды. Мақсатымыз – балаларға сапалы білім мен тәрбие беру ісінде нәтижелі жетістіктерге жету. Болашақ ұрпаққа тәлім- тәрбие беруде білім сапасын жақсарту жолында, мұғалім, ата-ана және оқушы үштік одақ болып жұмыла белсенділік танытса, оң нәтижеге қол жеткізетініміз сөзсіз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, әр ісімізде бірігетін болсақ, оң нәтижеге қол жеткізетініміз



"Ұлттық теңге- ұлт мақтанышы" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен тереңірек таныстыра отырып, Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру қолдану аясын жете білуменен байланыстыру.

Пікірсайыс клубы мүшелерінің арасында «БП жұмыстың престиж көзі ретінде қаралуына өкінеді» тақырыбына пікір сайыс өткізді. Пікір сайысқа қатысушылар өз ара пікір алысу барысында шешендік өнерлерін шыңдап, жаңа қырларынан танылды.



<https://www.instagram.com/p/CzqStEmofB6/?igsh=MTMxM2swOHFpZHI0aQ==>
<https://www.instagram.com/p/CznzwZ4ovxl/?igsh=cHJkc3B1MWk1azJl>
<https://www.instagram.com/p/CyxnwgLI5Uz/?igsh=MW5lMjNud3cxemhrNA==>

9 сынып оқушылары “Бизнес және мансап-2023” көрмесіне белсене қатысты.



<https://www.instagram.com/p/Cz-2P3XoTFV/?igsh=MWZrdjM0bjIwejdpbw==>

Мектебімізде 2023 жылдың 16 қараша күні "Нағыз көшбасшы" конкурсы аясында ағылшын тілінің мұғалімі Шынжырбай Алуа Мұратқызы 6 "Ә" сыныбының білім алушыларына "An Unforgettable Destination" тақырыбында ашық сабақ өтті. Әділқазылар алқасы белгіленген шарттар бойынша бағалады. "Нағыз көшбасшы" конкурсында ашық сабақ өткізген дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қалаубек Б.Е "Нағыз көшбасшы" конкурсының 2-бөлімі басталды. Онда мұғалімдер ашық тәрбие сағаттарын береді. Бағалау 9 бағыт бойынша жүргізіледі. Бірінші болып, 7 "Ә" сыныбының жетекшісі Таубаева Фатима Куйшибаевна бастады. Тақырыбы: Сәкен-жырдың сарқылмас дариясы. Мақсаты: Оқушыларға Сәкен Сейфуллиннің өмірі туралы қысқаша түсінік беру; С.Сейфуллинді оқу арқылы оқушыларды елің,жерін,ұлтын сүюге тәрбиелеу;

Бүгін 5 желтоқсан, 2023 жылы "Нағыз көшбасшы" конкурсының аясында,"Ғасыр" тобынан бастауыш сынып мұғалімі Ушурова Бахтинур 2"А" сыныбына "Біз Тәуелсіз елдің ұрпағымыз" тақырыбында ашық тәрбие сағатын өтіп шықты.

"Нағыз көшбасшы" конкурсының аясында 6"В" сынып жетекшісі Атай Айгерім Берікболқызы "Туралықты тұғыр еткен -Төле би" тақырыбында ашық тәрбие сағатын өтті.

Жаңа жылдың қарсаңында мектебімізде "Нағыз көшбасшы" конкурсы мәресіне жетті. Екі ай бойы қатысушыларымыз ашық сабақ пен тәрбие сағаттарын өткізсе, 3-бөліміміз "Бүгінгі күннің ұстазы" деп аталды. Қатысушы ұстаздар топ жетекшілерімен жан-жақты әзілі аралас шоу ұйымдастырды. Нәтижесінде алғыр да нағыз көшбасшы анықталды. 1-орын "Ынтымақ" тобы. 2-орын "Smart ustaz" тобы. 3-орын "Жалын" тобы иемденіп, кәсіподақтың бағалы сыйлықтарына ие болды.



<https://www.instagram.com/p/CzvoVPloBHW/?igsh=MWRoZGY1d3NjNzVoaw==>

https://www.instagram.com/p/Cz_r63ClI4B/?igsh=d3ZndHR0YjA5cjEw

<https://www.instagram.com/reel/C0Oa-n1Sc9/?igsh=b2Izem5xbXJqY3d0>

<https://www.instagram.com/p/C0f4Pk0lhk7/?igsh=d3N5ZXlqN3RoZ3lu>

https://www.instagram.com/p/C1Q7_wyI0Av/?igsh=eHp4djVvMDR2MW9j

<https://www.instagram.com/p/C1enc-RIHCq/?igsh=MXRydTd4OWh4ODVzcg==>

<https://www.instagram.com/p/C3W0I8qI2kH/?igsh=N3NlBjMwNTk1cDRk>

<https://www.instagram.com/reel/C2tj7GHIAA/?igsh=MXIyazU2NjA4bm14Mw==>

9"а"сынып оқушысы Құрманбек Бекайым "Оқушы мұғалім"жобасы бойынша география пәнінен "Қазақстанның ішкі суларының түрлері" тақырыбы бойынша сабақ өтті. Пән мұғалімі:Төлебаева Ұ.

24 қараша күні 9 “Ә” сынып оқушысы Жумаділ Диана “ Оқушы және мұғалім” жобасы бойынша орыс тілі мен әдебиеті пәнінен “Вершина казахской литературы” тақырыбы бойынша сабақ өткізді. Пән иұғалімі Айтақынова Гаухар Алдабергеновна

9 " Ә" сынып оқушысы Қожакеева Шапағат " Оқушы және мұғалім" жобасы бойынша физика пәнінен " Ньютонның екінші заңы және масса "тақырыбы бойынша сабақ өтті

9 " Б" сынып оқушысы Сәкенқызы Малика. "Оқушы және мұғалім" жобасы бойынша физика пәнінен " Ньютонның екінші заңы және масса " тақырыбы бойынша сабақ өтіп жатыр.



<https://www.instagram.com/p/C0JNe5OoJOd/?igsh=MWlInmQyNXI5YzJvOA==>

<https://www.instagram.com/reel/C0Jk3YBoiJv/?igsh=MW5qOWs1dnV0eHdxNw==>

<https://www.instagram.com/p/C0CQjQB1r8n/?igsh=MWtoNnFwMm54N2wwcg==>

28 қараша 2023 ж Алматы қаласы Түркісіб ауданы 115 ЖББМектептің кітапхана меңгерушісінің ұйымдастыруымен 30- кітап, 30- ән байқауы 4- сыныптар арасында өткізілді Сынып жетекшілер оқушыларды ұйымдастырып ,дайындап сыныпты безендірген 4- а сынып оқушысы Оралбек Абылай " Патша мен сарғалдақ" ертегісін өте жақсы баяндап мазмұнын айтып берді Камалов Азамат " Түлкі мен қасқыр" ертегісін айтып берді Төлеухан Толғанай " Әтеш пен тауық " ертегісін айтып және ертегінің суретін салған оны " Мөлдір бұлақ журналына саламыз Ғабиденқызы Ақниет " Алтын шашты қыз бен үш аю ертегісінің мазмұнын жақсы айтты Берілген сұрақтарға ұтымды жауап беріп ертегілердің тәрбиелік мәнін ашты 4-ә сынып оқушылары Тебеева Назым Бір үзім нан" ертегісін айтты.Ермек Раяна " Байлық пен ақыл" ертегіні өте жақсы баяндады .Мелис Айсер " Тәттілер әлемі ертегісін нақышына келтіріп мазмұндап айтып берді. Сағынтай Мерей Қарлығаш пен бала ертегісін, Нүртілеу Нұрмұхамбет" Бала арманы " ертегісін, Талғатқызы Ажар "Күн,Ай және әтеш ертегісін өте жақсы баяндап айтты. Оқушылар ертегілерін айтып және Портфолиаларын дайындаған .Оқуға құштар мектеп жобасының аясында ұйымдастырылған байқау жылда жетістіктерін көрсетіп жатыр ,үздік оқитын оқырмандар саны артып жатыр және каникул күндерінде де " Кітап оқимыз" марафонына қатысып бейнетаспаларын жіберіп , оны біз әлеуметтік желілерге жіберіп отырып оқушылардың кітап оқуға деген құштарлықтарын арттырамыз Отбасылық оқуды жалғастырамыз

Оқушылардың бос уақытын тиімді кітап оқуға дағдыландырамыз.



<https://www.instagram.com/p/C0dgPWbomyj/?igsh=MWtncHl3aHowMGRnMg==>

Мектебімізде "Ең үздік сынып жетекші" байқауы өз жалғасын таппақ. Байқаудың II кезеңіне өткен сынып жетекшілер "Үштік одақ " бірлігі бойынша сыныптан тыс іс-шаралар өткізеді. Мақсаты: Тәрбиенің кешенді бағдарламасын жүзеге асыру, шығармашылықпен жұмыс жасайтын сынып жетекшілерді анықтау, жас ұрпақты тәрбиелеу әдістерімен педагогикалық ұжымды таныстыру. Барша қатысушыларға сәттілік тілей отырып, өткізген іс-шараларының жоғар деңгейде өтуіне тілектеспіз.

“Сынып жетекші” байқауының ІІІ кезеңі бойынша үштік одақпен жұмысты 16.02.2023 жыл 6 “А” сынып жетекші Аяулым Қайырбекқызы өткізді. Тақырыбы: Балаға үйрету: ақылды мейірімге орап бер. Бала жүрегіне жол табу.

Мақсаты:

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудаға ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу, мұғалім мен бала, ұстаз бен ата-ана арасындағы қарым –қатынасты нығайту. Баланы мейірімге бөлей отырып ақыл айтып, жүрегінен жол табу және жетістікке жету үшін бірлескен әрекеттің ортақ мақсаттарын анықтау, қиындықтарды бірлесе шешу. Оқушы – мұғалім, оқушы ата –ана, мұғалім-ата –ана- адамгершілікке бағытталған ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға күш салатын үштік одақ екенін көрсете білді. 20.02.2024 ж Үштік одақтың қатысуымен “Күйзелістен шығар жол” атты тренинг өткізді.

Сынып жетекшісі: Джилкычиева А.А.

15.02.күні 2”В” сынып білімалушыларымен “Сенім арту —жетістік кепілі” атты тәрбие сағаты өтілді. “Ең үздік сынып жетекші” байқауы өз жалғасын табуда. Мақсаты: “Үштік одақ” бірлігі бойынша, қарым-қатынасты күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту. 2”В” сынып мұғалімі Әлішева. Ә. С

<https://www.instagram.com/reel/C3of4YPoNlb/?igsh=MWp5OXpyampzMTZxdw=>

<https://www.instagram.com/reel/C3clh4wIwIN/?igsh=MWQxYXljd3hobWxwbA==>

<https://www.instagram.com/reel/C3ZQNBdo-TW/?igsh=MWNwc2N2MDJ3YjNvag==>

Мектебімізде бүгін 20.12.2023 жыл күні "Ұлы дала тарихы-мәңгілік Қазақстан" атты тарих онкүндігінде тарих пәнінің мұғалімі Терлекбаева Перизат Адилакыновна 7-сынып білім алушыларының арасында зияткерлік сайыс өткізді. Сайыс 5 кезеңнен тұрды. Әр кезең бір-бірінен түрлі тапсырмалар арқылы ерекшеленіп өтті. Білім алушылардың ұшқыр білімдері сараланып, орындар берілді. Сонымен бірге, білімдерін өнерлерімен ұштастырды. Атаулы күндер де қамтылды.



<https://www.instagram.com/p/C1EkhOqozVO/?igsh=cnFveGRIMThnM3I5>

26.01.2024 ж күнгі “Мектеп пен ата ана ынтымақтастығы“ атты ата - аналар жиналысынан үзінді. “6”Ә” ,6”Б” сыныптарының ұйымдастыруымен өтілген жиналыс

<https://www.instagram.com/reel/C2qwHo3o1jh/?igsh=NjRkMnV1amU1OWO4>

